

Интернеттегі әйелдердін аураты

**ВОПРОС:** Ассаламалейкум Мейрам ага!

Озімді мазалап жүрген сұрақтарым бар еді, айналадағы таныс мұсылман әйелдердiде осы сұрақтар мазалап жүр екен.

1) Инстаграмға озімді, түрiмді көрсетiп, сөйлеп видеого түсiрiп жүргiзуге боладыма, ешқандай музыка қолданбай, ерсі қылықтар жасамай, вят заттар айтпай. Мысалы медицина, киім сату, мұғалiм басқада услугаларды айтып инстаграмға шығуды қалай қарайсыз? Ниет жұмыс жасау, табыс табу, ондай ниетпен боладымекен? Немесе тек дауысты салып, қолмен бiрдене жасап жатқанды түсiрiп салса боладыма? Өлде дауыстыда, түрдiде, қолдыда көрсету харамба?

Қазiр хиджаб, тiптi никабтағы өте көп мұсылман әйелдер инстаграм жүргiзiп, қытаймен бизнес, психолог, врач, мұғалiм т.б саланы жүргiзiп көтерiлiп жатырғой.

Мен әзiрге озімді көрсетiп шықпадым инстаграмға, тек жазумен жазып саламын сторiес, пост, жұмысым озіме жеткiлiктi жақсы жүрiп жатыр деп ойлаймын. Қасымдағы қыздар озіндi түсiрiп, инстаграмға сөйлеп шығып жүргiзгеншi, сол кезде оданда мықты көтерiлесiн деп жатыр.

2) Бiр шейхтын видеосын көрiп қалдым ютуб жүргiзiп табыс табу харам деп айтып жатыр. Сенiн жүргiзген каналына, видеоларына ютуб харам рекламалар шығаруы мүмкiн, казино, банк, арақ шарап, ашық шашық қыздардын сурет, видеосымен деп айтып жатыр. Қаншалықты ол дұрыс, немесе дұрыс емес. Ютубта Құран үйрететiн каналдарда барғой мысалы.

а) Ютубта қонiлдi видеолар салып жүргiзуге қалай қарайсыз. Еш пайдалы зат үйретпейдi, тек асMR сияқты немесе қызықты жанрда видеолар. Бiреулер жан жануарларды жуындырып, киiндiрiп, тарап, тамақ берiп салып жатадығой. Қаншалықты ол дұрыс екен?

3) ИИ арқылы мультфильм құрастыру харамба? Тiрi жанның бейнесiн ИИмен жасау, адамдар, жануарлар дегендей. Немесе жансыз заттарды ғана жасап соларға қоз, ауыз қойып ИИ анимация жасауға боламыекен? Адамның, тiрi жанның бейнесiн жасаған күнө, кейiн аргы өмiрде оны тiрiлт деп сұрауы болады деп естiген едiм.

Рахмет ағай жауап берiп жатсаңыз.

**ОТВЕТ:** уа алейкум қарындасым!

1) Шаригат бойынша түрінді корсетуге болмайды. Сол сияқты дауысында аурат болып саналады. Хиджаб киіп интернетте сайрап жүрген әйелдерге карама, олар кейін Аллаһтың алдында жауап береді. Олардың иманы тілінің ішінде. Мен неше рет соларға ақыл айттым, надандардың миларының жеткені сол, мені аузымды аштырмай блокка қойып тастайды. Бәрі өздерің елден ақылды, білімді санайды, қанша надан болса да. Интернетте программалар барғой жазған мәтінді дауыстап оқитын, соларды пайдалан. Ақымақ, надандарды тындама! Ризықты, байлықты тек жалғыз Аллаһ қана береді.

2) Шейх шатқан екен. Ютубтағы каналындағы рекламаны өшіріп тастауына болады, сонда өшім реклама қоса алмайды. Мысалы маған көптеген адамдар, фирмалар ақша береміз, егер біздің рекламаны кіргізсең деді. Ешқайсысын қоспадым, рекламаны өшіріп тастадым; ютубта қоса алмайды менің рұқсатымсыз.

а) Егер бос уақытын көп болса болады. Бірақ сол кеткен уақытыңды өзіңе, жан ыяна, иманына, дінге арнасан қандай жақсы болар еді.

3) Хадистарда айтылғандай, тірі жанның бейнесін жасау үлкен күнәлардың бірі болып табылады. Басқа проблемалардың бәрі бітіп осы ғана қалыпта еді?! Жоламайақ қойшы.